

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**17.11.2023 ж.**

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1. Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

|    |                                       |  |
|----|---------------------------------------|--|
| 2. | Агабекова Ақтолқын Бекарысовна        | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 3. | Калимбетова Жансая Сейдахановна       | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы          |
| 4. | Исабеков Жәнібек Назарбекұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 5. | Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы          | - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы      |
| 6. | Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич | - «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы                  |
| 7. | Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы            | - МЭЭ-211 тобының 2курс магистранты              |
| 8. | Ордабек Аяулым Бағдатқызы             | - АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы           |

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге және МЕ тапсырушыларға арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңарту.
3. Қолданыстағы ББ бойынша өндірістік практикалардың базасын анықтау, жаңа өндіріс орындарымен келісім – шарт жасасу.
4. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова:* Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге және МЕ тапсырушыларға арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңарту, қолданыстағы ББ бойынша өндірістік практикалардың базасын анықтау, жаңа өндіріс орындарымен келісім – шарт жасасу және қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

*АК мүшесі, Агабекова А.Б. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:* Университеттің УЕ-ХҚТУ-030-2021 жылғы «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту Ережесі» бойынша жасалған қолданыстағы ББ-на әр оқу жылында өзіндік бағалау жүргізіледі. Онда ББ сипаттамалары, Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері, соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері, сауалнамалар

(білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі, ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі жан-жақты қарастырылады. SWOT талдау жасалады. Осының нәтижесінде беру бағдарламаларын жаңарту, актуальдылығы төмендігіне немесе іске асыру мүмкіндігінің жеткіліксіздігіне байланысты ББ өзектендіру мақсатында әртүрлі іс-шаралар өткізіліп отыр. Оның ішінде ББ түлегі моделінің айқын көрінісі (оқыту нәтижелері), оларды қалыптастыратын модульдердің (пәндердің) мазмұны анықталып, жаңартылып отыр. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталып, Түркия Республикасынан білікті оқытушылармен қамтамасыз етілді. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс берілді.

Қазіргі таңда қолданыстағы білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіру арқылы білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін іс-шаралар ұйымдастырып отыру аса маңызды болып отыр.

*АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. екінші мәселе бойынша:* Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге және МЕ тапсырушыларға арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңарту. МЕ бағдарламасы Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 12-қазандағы №563 (№ 152, 2011ж. 20-сәуір) бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30-қазандағы №595 бұйрығымен Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына сәйкес әзірленеді. Кешенді емтихан бағдарламасы 6B07153-«Электр энергетикасы», 6M07130-Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару және 7M07158-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды. Кешенді емтиханға оқу жоспары мен оқу бағдарламаларының талаптарын толық орындаған білім алушылар жіберіледі. Кешенді емтихан оқу бағдарламалары көлемінде оқу жоспарында көрсетілген барлық мамандық пәндері бойынша өткізіледі. Кешенді емтихан мақсаты: білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін алынған төмендегі білім беру нәтижелерін және игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады. Емтихан сұрақтары кешенді емтихан үшін бекітілген пәндер мазмұнынан қамтылады және білім беру бағдарламасының жоғарыда көрсетілген оқыту нәтижелерінің құзіреттілігін бағалауға бағдарланады. Яғни сұрақтар білім мен білігін кәсіби қызметте қолдану қабілетін бағалайды. Инженерия және инженерлік іс бағыты бойынша қолданыстағы ББ магистратураға түсушілерге және МЕ тапсырушыларға арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімі арнайы мамандар мен кафедра ОПҚ тарапынан қаралып, толықтай жаңартылып өткізілді.

*АК мүшесі, Бабахан Ш.А. Соңғы үшінші мәселе бойынша:* Қолданыстағы ББ бойынша өндірістік практикалардың базасын анықтау, жаңа өндіріс орындарымен келісім – шарт жасасу. Инженерия және инженерлік іс бағыты бойынша қолданыстағы ББ бойынша осы уақытқа дейін «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, Түркістан қаласы, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Ақтау трансформатор зауыты» ЖШС, Түркістан облысы әкімі аппаратына қарасты Ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімімен келісім-шарт жасасқан. 2023-2024 оқу жылында Инженерия және инженерлік іс бағыты бойынша «Жылу» Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және Түркістан облысының цифрландыру мемлекеттік қызмет көрсету және архивтер басқармасының «Цифрлық даму орталығымен» келісім-шарт жасалды. Университеттің «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау» ережесі мен 2023-2024

оқу жылына бекітілген академиялық күнтізбе негізінде қолданыстағы ББ білімгерлері осы мекемелерде тәжірибелерден өтеді.

*АК мүшесі Исабеков Ж.Н. үшінші мәселе бойынша сөз алды:* Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша реестрге енгізілген 6B07189 – Машина жасау ББ білім алушылары үшін өндірістік практикалардың базасын анықтау мақсатында бірнеше өндіріс орындарымен келісім-шарт жасасу туралы келіссөздер жасалып жатыр. Алдағы уақытта 6B07189 – Машина жасау ББ бойынша өндірістік практикалардың базасы анықталып келісім-шарт жасалатын болады.

*АК мүшесі Худайбергенов Б.* Құрметті АК мүшелері қараша айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты қолданыстағы ББ бойынша дуальды оқыту бағдарламаларына ішкі аудит ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді, оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің бағалау әдістерін және құралдарын жобалау жұмыстары жасалды, аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеу жұмыстары жасалды. Барлық жұмыстар жоспар бойынша жасалып жатқындығын айтқым келеді.

**Шешім:** «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты қолданыстағы ББ бойынша ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды, Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге және МЕ тапсырушыларға арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңартылды, қолданыстағы ББ бойынша өндірістік практикалардың базасы анықталды, жаңа өндіріс орындарымен келісім-шарт жасалды және қараша айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрағасы:**



**О.Д.Меирбекова**